

«Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС.

Қаржылық есептілік

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған
жыл бойынша және
Тәуелсіз аудитордың есебі қоса берілген

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

Қаржылық жағдай туралы есеп	3
Жиынтық кіріс туралы есеп	4
Ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есеп	5
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп	6
Қаржылық есептілікке ескертпелер	7

«Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС

**2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті дайындау жіне бекіту
жөніндегі басшылықтың жауапкершілігі туралы мәлімдеме**

Осы мәлімдеме аудит бойынша тәуелсіз аудиторлар есебінде келтірілген аудиторлардың міндеттемелерін сипаттаумен бірге қарастырылуы тиіс және «Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС-нің (бұдан әрі – «Компания») қаржылық есептілігіне қатысты аудиторлардың және Компания басшылығының жауапкершілігін ажырату мақсатында жасалған.

Компания басшылығы 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ осы күнмен аяқталған жылдағы қызметінің нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және капиталдағы өзгерістерін барлық елеулі аспектілер бойынша шынайы бейнелейтін қаржылық есептілікті дайындауға жауапты. Қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалуы тиіс.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында Компания басшылығы жауап береді:

- бухгалтерлік есептің тиісті қағидаттарын таңдау және оларды жүйелі түрде қолдану;
- негізделген кәсіби бағалау мен есептеулер жүргізу;
- ХҚЕС талаптарын сақтау немесе есептілікке елеулі түрде сәйкес келмеген жағдайларда тиісті түсіндірмелер беру және
- Компания жақын болашақта қызметін жалғастырады деген болжам негізінде қаржылық есептілікті дайындау (егер мұндай болжам орынсыз болмаса).

Сонымен қатар, Басшылық жауапты:

- Компанияда тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- Компанияның қаржылық жағдайы туралы кез келген уақытта жеткілікті дәлдікпен ақпарат алуға және ХҚЕС талаптарына сәйкес қаржылық есептілікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін жүргізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізу;
- Компания активтерін қорғау үшін өз өкілеттігі шеңберінде шаралар қабылдау;
- алаяқтық және өзге де заң бұзушылықтардың алдын алу және оларды анықтау.

Осы 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған қаржылық есептілік **2025 жылғы 5 сәуірде** Компания басшылығы тарапынан бекітіліп, жариялауға ұсынылды.

Директор
О.К. Тойшибеков

Бас бухгалтер
Ж.К. Алимбекова



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС-ның Қатысушысы мен Басшылығына

Пікір

Біз «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - «Компания») 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, жиынтықты шығын туралы есептен, 2024 жылға арналған меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ қаржылық есептілікке ескертпелерден тұратын және есеп саясатының маңызды ережелері туралы ақпаратты қамтитын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, ұсынылған қаржылық есептілік Компанияның 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, 2024 жылға арналған қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес барлық елеулі жайттарын шынайы және дәл көрсетеді..

Пікір білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі – «ХАС») сәйкес жүргіздік. Біздің міндеттеріміз осы стандарттарға сәйкес есебіміздің «Қаржылық есептілік аудиторының жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Компанияға қатысты тәуелсізбіз және бұл тәуелсіздігіміз Бухгалтерлерге арналған Халықаралық әдеп стандарттары кеңесі (БХӘСК) қабылдаған Кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) (БХӘСК Кодексі) және Қазақстан Республикасында қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес келеді. Сондай-ақ біз аталған талаптар мен БХӘСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттемелерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдемелер пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті негіз деп санаймыз.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл біздің кәсіби пайымдауымызға сәйкес осы есептік кезеңдегі қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды мәселелер. Бұл мәселелер қаржылық есептіліктің аудиті аясында жалпы қарастырылды және осы есептілікке қатысты өз пікірімізді қалыптастыру кезінде ескерілді, сондықтан біз бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз. Төменде көрсетілген мәселеге қатысты аудит жүргізу барысында бұл мәселенің қалай қарастырылғаны жөніндегі сипаттама дәл осы мәнмәтінде келтірілген. Біз бұл мәселеге қатысты, соның ішінде есеп беруіміздің «Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді орындадық.. Сәйкесінше, біздің аудит қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалау әзірленген рәсімдерді орындауды қамтыды.

Біздің аудиторлық рәсімдеріміздің нәтижелері, соның ішінде төменде көрсетілген мәселені қарастыру барысында орындалған рәсімдер, ұсынылған қаржылық есептілік туралы біздің аудиторлық пікірімізді білдіру үшін негіз болып табылады.

Аудиттің негізгі мәселесі

Аудит барысында тиісті негізгі мәселе қалай қарастырылды

Материалдық емес активтердің әділ құны

Материалдық емес активтердің әділ құны – аудитіміздің ең маңызды мәселелерінің бірі, себебі әділ құнды бағалау елеулі пайымдаулар мен жорамалдарға негізделген. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның материалдық емес активтері оның активтерінің елеулі бөлігін құрайды.

Материалдық емес активтер компанияның есеп саясатына сәйкес қайта бағалау күнінен кейін танылған жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған шығынды шегергендегі қайта бағалау күніндегі әділ құнды білдіретін қайта бағаланған құн бойынша көрсетіледі. Әрбір есепті күнде Компания материалдық емес активтердің әділ құны олардың баланстық құнынан қаншалықты ерекшеленетінін бағалайды.

Материалдық емес активтердің негізгі бөлігін мамандандырылған бағдарламалық жасақтама – тасымалдауды бақылау ақпараттық жүйесі («БЖ») құрайды.

БЖ-ны әзірлеу 2024 жылы аяқталды және бұл активтердің әділ құнын бағалау үшін Компания Басшылығы тәуелсіз бағалаушыны тартты. Тәуелсіз бағалаушы нақты шығындар әдісін қамтитын шығындық тәсілді қолданды (мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерін әзірлеу, дамыту және сүйемелдеу шығындары бойынша әдістемелер мен нормативтерге сәйкес).

Бұл тәсіл жоғарыда аталған іштей жасалған материалдық емес активтерде анықталатын кіріс көздері болмағандықтан қолданылды, өйткені бағдарламалық жасақтама енді ғана енгізіліп жатыр және бағалау кезінде әлі табыс әкелген жоқ.

Сонымен қатар аталған материалдық емес активтер шектеулі нарықтағы объектілерге

2024 жылы іштей жасалған материалдық емес активтерге қатысты келіп түскен ақпараттардың бастапқы құжаттарға сәйкестігін іріктеп тексердік. Материалдық емес активтердің әділ құнын тексеру шеңберінде Компания нақты шығындарды есептеу кезінде қолданған нормативтер мен индекстерді талдадық. Біз нормативтер мен индекстердің дұрыс қолданылуын іріктеп сынап тексердік. Материалдық емес активтердің амортизация мерзімдеріне қатысты қолданыстағы жорамалдарды бағаладық. Қаржылық есептілікте материалдық емес активтерге қатысты ақпараттың ашып көрсетілуін талдадық.

жатады, олардың белсенді нарығы болмағандықтан, ықтимал сату бағалары туралы ақпарат алу мүмкін емес.

Корпоративтік кіріс салығы

Компания бюджет қаражатынан гранттық және базалық қаржыландыру алады, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтың (АЭА) қатысушысы ретінде қызмет жүргізеді. Корпоративтік кіріс салығын есептеу кезінде Компания АЭА қатысушысы ретінде басым қызмет түрлерін жүзеге асыру нәтижесінде алынған тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сату арқылы алынған кіріс бойынша есептелген корпоративтік кіріс салығының сомасын 100 пайызға азайтады..

Біз кіріс салығы бойынша төмендетілген мөлшерлемені қолдану шарттарын зерттедік және Компанияның бұл мөлшерлемені қолдану талаптарын сақтауын тексердік. Сондай-ақ біз есепті кезеңде гранттық және базалық қаржыландыру шарттарының орындалуын, аталған қаржыландырудың дұрыс көрсетілуін және осы қаржылық есептілікте ашып көрсетілуін зерттедік.

Біз қаржыландыратын ұйымдардан Компанияның алынған тапсырыстар бойынша кірістерді тану үшін шарттық талаптарды орындағанын растайтын құжаттарды алдық, сондай-ақ Компанияның есептік деректерін қарсы тараптардан алынған деректермен салыстырып тексердік..

Басшылық пен корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың Қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау және оның шынайы түрде ұсынылуына, сондай-ақ қаржылық есептілікте адал емес әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтардың болмауын қамтамасыз ету үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты..

Басшылық қаржылық есептілікті дайындау барысында Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау, үздіксіз қызметке қатысты ақпаратты тиісті жағдайларда ашып көрсету, сондай-ақ есептілікті үздіксіз қызмет қағидатына сүйене отырып жасау үшін жауапты болып табылады. Бұл талап Басшылық Компанияны таратуға немесе оның қызметін тоқтатуға ниеттенбесе немесе мұндай әрекеттерден басқа нақты балама болмаған жағдайларды қоспағанда қолданылады.

Аудитордың қаржылық есептілікке аудит жүргізу бойынша жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте тұтастай алғанда жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланулар болмайтынына ақылға қонымды сенімділікке жету және пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығару.

Ақылға қонымды сенімділік – бұл жоғары дәрежедегі сенімділік, алайда аудит Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген жағдайдың өзінде қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылық бар болса, оны міндетті түрде анықтайтынына кепілдік бермейді.

Бұрмаланулар жосықсыз әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және олар жеке немесе жиынтықта осы қаржылық есептілік негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп болжауға болатын болса, маңызды болып саналады. Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит барысында кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Сонымен қатар біз төмендегілерді орындаймыз:

- біз жосықтық әрекеттер немесе қателіктер нәтижесінде қаржылық есептіліктің маңызды бұрмалауларының тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудит рәсімдерін әзірлейміз және жүргіземіз; пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті аудит дәлелдерін аламыз. Жосықтық әрекеттер нәтижесінде маңызды бұрмалауды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде бұрмалауды анықтамау тәуекелінен жоғары, себебі жосықтық әрекеттер құпия келісімдер, жалғандық, қасақана өткізіп жіберу, ақпаратты бұрмалау немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;
- Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз ;
- қолданылатын есеп саясатының дұрыстығын және басшылықтың есептеген бағалау мәндерінің негізділігін, сондай-ақ сәйкес ақпараттың ашылып көрсетілуін бағалаймыз;
- Басшылықтың қызметінің үздіксіздігі туралы жасаған жорамалының заңдылығын бағалаймыз және алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Компанияның қызметін үздіксіз жалғастыру мүмкіндігіне елеулі күмән тудыруы мүмкін оқиғалар немесе жағдайлардың бар-жоғына қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деп қорытынды жасасақ, онда біз өзіміздің аудиторлық есебімізде Компанияның қаржылық есептілігінде сәйкес ақпараттың көрсетіліп ашылуына назар аударамыз немесе мұндай ақпарат дұрыс ашылмаған болса, пікірімізді өзгертеміз. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық есеп беру күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- Қаржылық есептіліктің жалпы түрде ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, ақпараттың көрсетіліп ашылуын, сондай-ақ қаржылық есептілік негізіндегі операциялар мен оқиғалардың дұрыс көрсетілуін қамтамасыз ету үшін олардың дұрыс ұсынылуын бағалаймыз.

Біз басқаруға жауапты тұлғаларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит барысында анықталған маңызды мәселелер туралы, оның ішінде ішкі бақылау жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы хабардар етеміз.

Е.Ф. Мазур
Аудитор



Аудиторлық біліктілік куәлігі № МФ-0000673,
2018 жылғы 14 қарашада «Аудиторлар палатасының
қазақстан республикасының аудиторлығына
кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік
комиссиясы» ЖМ берген

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Тимирязев көшесі 42, 15/3-корпус.

2025 жылғы 5 сәуір

Е.Ф. Мазур
Басқарушы серіктес
«PKF Audit & Assurance» ЖШС



Қазақстан Республикасында аудит
қызметімен айналысуға берілген
мемлекеттік лицензия № 19022292, 2019
жылғы 12 қарашада Қазақстан
Республикасының Қаржы министрлігі
берген.

«Ғарыштық техника және технологиялар институты»
ЖШС
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Қаржылық есептілік

Мың теңгеде	Ескертпе	2024 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
Активтер			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	6	258,937	226,987
Материалдық емес активтер	7	737,110	20,519
Пайдалану құқығы түріндегі активтер		63	-
Барлығы айналымнан тыс активтер		996,110	247,506
Айналым активтері			
Қорлар	8	16,437	20,000
Сауда және өзге дебиторлық берешектер		3,750	67,931
Корпоративтік кіріс салығы бойынша алдын ала төлем		184	184
Басқа салықтар бойынша алдын ала төлем		3,039	1,136
Басқа қысқа мерзімді активтер	9	75,944	2,529
Ақшалай қаражаттар	10	100,528	150,936
Барлығы айналым активтері		199,882	242,716
Барлығы активтер		1,195,992	490,222
Меншікті капитал			
Жарғылық капитал	11	341,472	341,472
Материалдық емес активтердің қайта бағалау резерві, нетто		727,126	-
Бөлінбеген табыс / (өтелмеген шығын)		96,895	103,438
Барлығы меншікті капитал		1,165,493	444,910
Міндеттемелер			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер		31	-
Барлығы ұзақ мерзімді міндеттемелер		31	-
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Сауда және өзге кредиторлық берешектер	12	23,641	76
Басқа төлеуге ұсынылатыннуге тиісті салықтар		-	39,431
Қысқа мерзімді бағалау резервтері		3,634	5,795
Басқа қысқа мерзімді міндеттемелер		3,193	10
Барлығы қысқа мерзімді міндеттемелер		30,468	45,312
Барлығы міндеттемелер		30,499	45,312
Барлығы меншікті капитал және міндеттемелер		1,195,992	490,222

Директор
О. К. Тойшибеков

Бас бухгалтер
Ж.К. Алимбекова

7-29 беттердегі есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«Ғарыштық техника және технологиялар институты»
ЖШС
ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

Қаржылық есептілік

Мың теңгеде	Ескертпе	Аяқталған жыл бойынша	
		2024 ж.	2023 ж.
Қызметтерді сатудан түскен кіріс	1 3	1,214,193	1,254,389
Сатудың өзіндік құны	1 4	(1,036,901)	(890,784)
Жалпы табыс		177,292	363,605
Жалпы және әкімшілік шығыс	1 5	(186,377)	(187,714)
Басқа операциялық кіріс	1 6	28,133	1,504
Басқа операциялық шығыс		(500)	(134,049)
Бағамдық айырмадан түсетін кіріс/(шығыс)		2,074	(4,118)
Операциялық табыс		20,622	39,228
Қаржылық кіріс	1 7	26,478	12,286
Қаржыландыру шығындары		-	-
Салық салынғанға дейінгі табыс		47,100	51,514
Табыс салығы бойынша шығыс	1 8	(3,972)	(1,843)
Есепті жыл бойынша таза табыс		43,128	49,671
Басқа жиынтық кіріс			
Материалдық емес активтерді қайта бағалау, нетто		727,126	-
Барлығы есепті жыл бойынша жиынтық кіріс, салықтарды шегергенде		770,254	49,671

Директор
О. К. Тойшибеков

Бас бухгалтер
Ж.К. Алимбекова

7-29 беттердегі есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Мың теңгеде	Ескертпе	Аяқталған жыл бойынша	
		2024 ж.	2023 ж.
Операциялық қызмет			
Дайын өнімді сату		1,423,616	1,336,569
Тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілерге төлемдер		(225,577)	(186,051)
Еңбекақы төлемдері		(760,562)	(669,475)
Бюджетке төлемдер		(426,821)	(222,672)
Санкцияларды төлеу		-	(128,920)
Басқа түсімдер		311	-
Басқа төлемдер		(1,537)	(51,742)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары		9,430	77,709
Инвестициялық қызмет			
Негізгі құралдарды сатып алу		(32,969)	(34,677)
Ұзақ мерзімді активтерді сатып алу		(259)	(17,612)
Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша ағыны		(33,228)	(52,349)
Қаржылық қызмет			
Төленген дивидендтер		(49,671)	(16,222)
Алынған сыйақылар		22,506	10,443
Қаржылық қызметтен түскен таза ақша ағыны		(27,165)	(5,779)
Валюталық бағам айырмашылықтарының әсері		555	(1,794)
Жыл басындағы ақшалай қаражаттар және олардың баламалары		150,936	133,149
Жыл соңындағы ақшалай қаражаттар және олардың баламалары		100,528	150,936

Директор
О. К. Тойшибеков

Бас бухгалтер
Ж.К. Алимбекова

7-29 беттердегі есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

Қаржылық есептілік

Мың теңгеде	Жарғылық капитал	Материалдық емес активтерді қайта бағалау резерві	Бөлінбеген табыс / (өтелмеген шығын)	Барлығы
2022 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша	341,472	-	69,989	411,461
Таза табыс	-	-	49,671	49,671
Барлығы жыл бойынша жиынтық кіріс	341,472	-	49,671	49,671
Қатысушыға төлемдер	-	-	(16,222)	(16,222)
2023 жылғы 31 желтоқсанда жағдайы бойынша	341,472	-	103,438	444,910
Жылдық табыс	-	783,010	43,127	826,137
Барлығы жылдық жиынтық кіріс	-	783,010	43,127	826,137
Қатысушыға төлемдер	-	-	(49,671)	(49,671)
Материалдық емес активтерді қайта бағалау қорының амортизациясы	-	(55,884)	-	(55,884)
2024 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша	341,472	727,126	96,885	1,165,493

Директор
О. К. Тойынбеков

Бас бухгалтер
Ж. К. Алижанбекова



7-29 беттердегі есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

1. Жалпы ақпарат

«Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылып, 2009 жылғы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген. Соңғы қайта тіркеу күні – 2023 жылғы 24 қазан. Компания Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан құрды.

Компанияның жалғыз қатысушысы — Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне қарасты Аэроғарыш комитеті.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарғылық капиталы 341 472 мың теңгені құрайды, ол жылжымайтын және жылжитын мүлікпен қалыптастырылған (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 341 472 мың теңге).

Компанияның негізгі қызмет түрлері:

- Шұғыл қоңыраулар жүйесін пайдалану;
- Шұғыл қоңыраулар жүйесін әзірлеу және дамыту жобасын басқару;
- Шұғыл қоңыраулар жүйесінің аппараттық-бағдарламалық кешенін жүйелі-техникалық қызмет көрсету;
- Шұғыл қоңыраулар жүйесінде ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету;
- Шұғыл шақыру жүйесінде шұғыл жедел қызметтерді шақыру құрылғысын тіркеу және есепке алу;
- Абоненттердің сәйкестендіру карталарын шығару;
- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы бірыңғай талаптардың сақтауын және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасы және (немесе) салық пен басқа да міндетті төлемдерді бюджетке түсіруді қамтамасыз ететін құзыретті мемлекеттік орган белгілеген тәртіпке сәйкес халықаралық автомобиль тасымалдарын навигациялық спутник жүйелерін пайдалану арқылы қадағалауды қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес тасымалдаушыларға электрондық индикаторлар (навигациялық пломбалар) көмегімен халықаралық автомобиль тасымалдарын қадағалау қызметін ұсыну.

Компания ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттелген (аккредиттеу туралы куәлік Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан 2021 жылғы 14 желтоқсанда берілген, жарамдылық мерзімі – 2026 жылғы 14 желтоқсанға дейін).

Компания қызметін 2013 жылғы 23 қарашадағы ғарыш кеңістігін пайдалану бойынша лицензия негізінде жүзеге асырады. Бұл лицензия зымыран-ғарыш техникасын жасау, өндіру, пайдалану, жөндеу және жаңғыртуды, сондай-ақ оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жерүсті инфрақұрылымын пайдалануды қамтиды.

Компания мемлекеттік монополия субъектілерінің тізіліміне енгізілген, сондай-ақ арнайы құқық субъектісі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі «Авариялар мен апаттар кезіндегі шұғыл шақыру жүйесі операторының функцияларын жүзеге асыратын заңды тұлғаны айқындау туралы» №513 бұйрығына сәйкес Компания авариялар мен апаттар кезінде шұғыл шақыру жүйесінің («ААШЖ») операторы болып белгіленді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 10 қыркүйектегі №731 қаулысымен Компания навигациялық пломбаларды қолдана отырып тасымалдарды қадағалауға арналған «Транзит» ақпараттық жүйесінің ұлттық операторы ретінде қызмет атқарады.

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050061, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Кисловодская көшесі, 34-үй.

2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі.

2.1. Бухгалтерлік есеп қағидаттарына сәйкестік.

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі комитеті (IASB) шығарған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС және ХҚЕС түсіндірулеріне (IFRIC)) сәйкес, және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ХҚЕС бойынша қаржылық есептілік жасайтын компанияларға қолданылатын талаптарға сай әзірленген.

2.2. Есеп саясаты мен ақпаратты ашып көрсету қағидаттарындағы өзгерістер

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге өзгерістер

Келесі жаңа стандарттар мен түзетулер 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді:

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалға алу: кері жалға алумен сату кезінде жалға алу міндеттемелері» стандартына енгізілген түзетулер Түзетулер 15 ХҚЕС (IFRS) талаптарын қанағаттандыратын және сату ретінде қарастырылуы керек кері жалға алумен сату операцияларына қатысты. Енгізілген түзетуге сәйкес, сатушы-жалға алушы кері жалға беруден туындайтын жалға алу міндеттемелерін кейіннен бағалағанда, сақталатын пайдалану құқығына қатысты ешқандай табыс немесе шығынды мойындамауы тиіс. Бұл міндеттеме индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді емес айнымалы төлемдерді жүзеге асыру болса да, мұндай табысны алуды кейінге қалдыруды білдіреді..

Міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктеу — ХҚЕС (IAS) 1-ге түзетулер

Бұл түзетулерге сәйкес міндеттемелер есепті кезеңнің соңындағы құқықтарға байланысты қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді болып жіктеледі. Егер ұйымның есепті кезеңнің соңында міндеттемелерді өтеуді кемінде он екі айға кейінге қалдыруға елеулі құқығы болса, онда бұл міндеттемелер ұзақ мерзімді болып саналады..

ХҚЕС (IAS) 7 «Ақшалай қаражат қозғалысы туралы есеп» және ХҚЕС (IFRS) 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету: жеткізушіні қаржыландыру туралы келісім» стандарттарына түзетулер

2023 жылғы мамырда ХҚЕС кеңесі фқаржыландыру тетіктеріне қатысты орынсыз немесе жаңылыстыратын ақпаратты ашуға байланысты пайдаланушылардың қаржылық есептілікке қатысты сұраныстарына жауап ретінде ХҚЕС (IAS) 7 және ХҚЕС (IFRS) 7 стандарттарына жеткізушілерді қаржыландыру жөніндегі келісімдер туралы (кейде «кері факторинг» немесе «реверсивті факторинг» деп те аталады) ақпаратты ашуды талап ететін түзетулер енгізді.. Осы түзетулерге сәйкес қаржылық есептілікті пайдаланушыларға осы келісімдердің ұйым міндеттемелері мен ақша ағындарына әсерін, сондай-ақ ұйымның өтімділік тәуекеліне ұшырауын бағалауға мүмкіндік беретін жеткізушіні қаржыландыру туралы уағдаластықтар туралы ақпаратты ашу қажет. Ақпаратты ашуға қойылатын қосымша талаптардың мақсаты – өнім берушіні қаржыландыру туралы уағдаластыққа қатысты ашықтықты арттыру. Бұл түзетулер мойындау немесе бағалау қағидаттарына әсер етпейді, тек ақпаратты ашуға қойылатын талаптарға қатысты..

Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпеді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(жалғасы)**2.3. Жарияланған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар**

2025 жылғы 1 қаңтарда немесе одан кейін басталатын және Компания мерзімінен бұрын қабылдамаған жылдық кезеңдер үшін міндетті бірқатар жаңа стандарттар мен интерпретациялар жарияланды.

«Айырбастау мүмкіндігінің шектеулігі» ХҚЕС (IAS) 21-түзетулер

2023 жылғы тамызда ХҚЕС Кеңесі компанияларға екі валюта айырбастау мүмкіндігін бағалауға және айырбастау мүмкіндігі болмаған жағдайда спот айырбас бағамын анықтауға көмектесу үшін 21 ХҚЕС (IAS) түзетулерін шығарды. Ұйым белгілі бір мақсат үшін бағалау күніне қарай басқа валютаға айырбасталмайтын шетел валютасындағы мәміле немесе операция жүргізсе, бұл түзетулер әсер етеді. ХҚЕС (IAS) 21 стандартына енгізілген түзетулерде спот айырбастау бағамын қалай бағалау керектігі туралы егжей-тегжейлі талаптар көрсетілмеген. Оның орнына олар ұйымға бағалау күніндегі спот айырбас бағамын анықтайтын негізді белгілейді. Жаңа талаптарды қолдану кезінде ұйым салыстырмалы ақпаратты қайта есептемеуі керек. Оның орнына ұйым бөлінбеген табысты немесе жинақталған бағамдық айырмашылықтардың резервін түзете отырып, бастапқы қолдану күніне болжамды бағам бойынша спот әсер еткен сомаларды қайта есептеуі керек.

Қаржы құралдарын жіктеу және бағалау талаптарына енгізілген түзетулер — ХҚЕС (IFRS) 9-ға және ХҚЕС (IFRS) 7-ге енгізілген түзетулер

2024 жылғы 30 мамырда ХҚЕС кеңесі ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7-ге келесі мақсатта түзетулер енгізді:

(а) электрондық төлемдер жүйесі арқылы өтелген кейбір қаржылық міндеттемелер бойынша жаңа ерекшелікпен кейбір қаржылық активтер мен міндеттемелерді тану және тануды тоқтату күнін нақтылау;

(ә) қаржылық активтің SPPI (тек негізгі борыш сомасы мен пайыздарды төлеу) критерийіне сәйкестігін бағалау бойынша қосымша түсініктемелер мен нұсқаулар ұсыну;

(б) қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік саясат және корпоративтік басқару (ESG) салаларындағы мақсаттарға қол жеткізуге байланысты сипаттамалары бар кейбір құралдар сияқты ақшалай ағындарды өзгертуі мүмкін шарттық талаптары бар белгілі бір құралдар бойынша ақпаратты ашудың жаңа талаптарын енгізу; және

(в) Компания әділ құн бойынша өзге жиынтық кіріс арқылы бағаланатын (FVOCI) меншікті құралдар ретінде жіктеген құралдарға қатысты ақпаратты ашуды жаңарту.

ХҚЕС (IFRS) 18 «Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашып көрсету»

2024 жылғы сәуірде ХҚЕС кеңесі қаржылық есептілікте, әсіресе табыс пен шығын туралы есептегі баптарға қатысты ақпаратты жақсартылған түрде ұсыну және ашып көрсету үшін жаңа стандарт — ХҚЕС (IFRS) 18-ді жариялады. ХҚЕС (IFRS) 18 енгізген негізгі өзгерістер мыналармен байланысты:

- табыс немесе шығын туралы есептің құрылымы;

- ұйымның қаржылық есептілігінен тыс ұсынылатын (яғни, басшылық белгілеген қызмет көрсеткіштері) табыс пен шығынның белгілі бір көрсеткіштерін қаржылық есептілікте ашып көрсету қажеттілігі; және

- негізгі қаржылық есептілік нысандарына және түсіндірме ескертпелерге тұтастай қолданылатын ақпаратты біріктіруге және бөлшектеуге қойылатын жетілдірілген талаптар.

ХҚЕС (IFRS) 18 ХҚЕС (IAS) 1 стандартын алмастырады, алайда ХҚЕС (IAS) 1-дің көптеген қолданыстағы қағидаттары аздаған өзгерістермен сақталады. ХҚЕС (IFRS) 18 қаржылық есептіліктегі баптарды мойындау мен бағалауға әсер етпейді, бірақ ұйымның «операциялық табыс немесе шығын» ретінде көрсететін ақпаратын өзгертуі мүмкін. Бұл стандарт 2027 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге және салыстырмалы ақпаратқа қолданылатын болады.

ХҚЕС (IFRS) 19 «Жария емес еншілес ұйымдар: ақпаратты ашып көрсету»

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(жалғасы)

ХҚЕС (IFRS) 19 сәйкес белгілі бір критерийлерге сай келетін еншілес ұйымдарға ақпаратты ашып көрсету көлемін қысқарту арқылы ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарын қолдануға рұқсат етіледі.

(IFRS) 14 «Тарифтік уақытша түзетулер шоттары»

ХҚЕС (IFRS) 14 ұйымдарға ХҚЕС-ты алғаш қолданған кезде ХҚЕС Бухгалтерлік есеп стандарттарын қабылдаған кезде бұрын қолданылған жалпы қабылданған бухгалтерлік есеп қағидаттарында (ЖҚБҚ) көзделген есеп саясатына сәйкес кейінге қалдырылған тарифтік айырмашылықтар шоты бойынша қалдықтарды есепке алуды жалғастыруға мүмкіндік береді. Дегенмен ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарын қазірдің өзінде қолданып жүрген және мұндай сомаларды мойындамайтын ұйымдармен салыстырмалығын арттыру мақсатында, стандарт тарифтік реттеудің әсері басқа баптардан бөлек көрсетілуі тиіс екенін талап етеді. ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес қаржылық есептілікті қазірдің өзінде ұсынып жүрген ұйым бұл стандартты қолдануға құқылы емес. Бұл стандарттың күшіне ену күні ХҚЕС кеңесі тарапынан әлі анықталған жоқ.

ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28-ге енгізілген түзетулер – «Инвестор мен оның ассоциациялық ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе жарна салу»

Бұл түзетулер инвестор мен оның ассоциациялық ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы активтерді сату немесе жана салу жағдайларында ХҚЕС (IFRS) 10 мен ХҚЕС (IAS) 28 талаптары арасындағы қайшылықты реттеуге бағытталған. Түзетулерді қолданудың негізгі салдары – мәміле бизнеске қатысты болса, онда табыс немесе шығын толық көлемде танылады. Ал егер активтер бизнес болып табылмаса, тіпті олар еншілес ұйымға тиесілі болса да, табыс немесе шығын тек ішінара ғана танылады. 2015 жылы ХҚЕС кеңесі бұл түзетулердің күшіне ену мерзімін белгісіз уақытқа кейінге қалдыру туралы шешім қабылдады.

ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарын жыл сайын жетілдіру

ХҚЕС (IFRS) 1-де ХҚЕС Бухгалтерлік есеп стандарттарына көшкен кезде ол хеджирлеуді есепке алу үшін "шарттарға" емес, "біліктілік критерийлеріне" сәйкес келмесе, хеджирлеуді есепке алуды тоқтату қажет екендігі түсіндірілді. Бұл ХҚЕС-те (IFRS) 1 тұжырымы мен ХҚЕС-те хеджирлеуді есепке алу талаптары (IFRS) 9 арасындағы сәйкессіздікке байланысты туындауы мүмкін шатасуларды жою мақсатында жасалады. ХҚЕС (IFRS) 7 ұйым қатысуды жалғастыратын қаржылық активтерге қатысты тануды тоқтатқан кезде табыс немесе шығын туралы ақпаратты, соның ішінде әділ құн бағалаулары "Елеулі бақыланбайтын бастапқы деректерді" қамтығандығы туралы ақпаратты ашуды талап етеді. Бұл жаңа тіркес «бақыланатын нарық деректеріне негізделмеген маңызды бастапқы деректер» деген алдыңғы тұжырымның орнына келіп, ХҚЕС (IFRS) 13-пен сәйкестендірілді. Сонымен қатар ХҚЕС-ті енгізу жөніндегі нұсқаулықтың (IFRS) 7-нің кейбір мысалдары нақтыланды, сондай-ақ мысалдар ХҚЕС-тің (IFRS) 7-нің жоғарыда аталған параграфтарындағы барлық талаптарды міндетті түрде көрсетпейтіні туралы мәтін қосылды. ХҚЕС (IFRS) 16 стандартына енгізілген өзгерістер жалға алушы жалдау міндеттемесінің ХҚЕС (IFRS) 9 бойынша өтелгенін анықтаған кезде, табыс немесе шығынды тану үшін ХҚЕС (IFRS) 9 нұсқаулықтарын қолдануы керектігін нақтылайды. Бұл түсініктеме ұйым осы түзетуді алғаш рет қолданатын жылдық есепті кезеңнің басында немесе басталғаннан кейін өтелген жалдау міндеттемелеріне қолданылады. ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 15 арасындағы қайшылықты жою үшін сауда-саттық дебиторлық берешегі енді "мәміле бағасы" бойынша емес, "ХҚЕС (IFRS) 15 қолдану арқылы анықталған сома" бойынша танылуы керек (ХҚЕС (IFRS) 15-те анықталғандай). Ұйым "нақты агент" болған жағдайларда аз мағыналы тұжырымдамаларды қолдану мақсатында, сондай-ақ ХҚЕС (IFRS) 10-ның B74-тармағында сипатталған қатынастар Тараптың нақты агент ретінде әрекет ететіндігін анықтау үшін пайымдауды қажет ететін жағдайлардың бір ғана мысалы екенін нақтылау үшін ХҚЕС (IFRS) 10-ға түзетулер енгізілді. ХҚЕС (IAS) 7 стандартына енгізілген түзетулер 2008 жылдың мамыр айында ХҚЕС кеңесі қабылдаған «Еншілес, бірлескен бақылаудағы немесе ассоциациялық ұйымдардағы инвестициялардың құны» туралы түзетуге байланысты, есепке алудың «нақты сатып алу құны әдісіне» сілтемелерді алып тастау мақсатында енгізілген.

Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептемесіне елеулі әсер етпейді деп күтілуде.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(жалғасы)

2.1. Функционалдық валюта және есептілікті ұсыну валютасы

Қазақстанның ұлттық валютасы – қазақстандық теңге (бұдан әрі – «теңге»), ол Компания үшін өлшем валютасы және осы қаржылық есептілікті дайындау барысында ХҚЕС талаптарына сәйкес қолданылатын валюта болып табылады. Барлық қаржылық ақпарат, егер өзгеше көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгеде ұсынылған.

2.2. Үздіксіздік қағидаты

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік қызметтің үздіксіздігі қағидаты негізінде дайындалған, бұл активтердің сатылуын және міндеттемелердің өтеуін компанияның қалыпты қызметі барысында жүзеге асыруды білдіреді. Компанияның активтерін сату қабілетіне және оның болашақтағы қызметіне Қазақстандағы қазіргі және болашақтағы экономикалық жағдайлар айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Қоса берілген қаржылық есептілік Компания өз қызметін үздіксіздік қағидаты негізінде жалғастыра алмаған жағдайда қажет болатын түзетулерді қамтымайды.

2.3. Есеп саясатының маңызды ережелеріне қысқаша шолу

Осы қаржылық есептілікті дайындау үшін қабылданған есеп саясатының негізгі ережелері төменде келтірілген. Бұл ережелер, егер басқасы бекітілмесе, ұсынылған барлық жылдарға бірізді түрде қолданылды.

Компания өзінің есеп саясатын тек мынадай жағдайларда ғана өзгертуге міндетті:

а) қандай да бір Стандарт талап етсе;

б) немесе бұл операциялардың, басқа оқиғалар мен жағдайлардың Компанияның қаржылық жағдайына, оның қаржылық нәтижелеріне немесе ақша ағындарына әсері туралы қаржылық есептіліктің неғұрлым сенімді және өзекті ақпарат беруіне әкелетін болса.

а) Активтер мен міндеттемелерді айналымдағы (қысқа мерзімді) және айналымнан тыс (ұзақ мерзімді) ретінде жіктеу

Қаржылық жағдай туралы есепте Компания активтер мен міндеттемелерді олардың айналымдағы (қысқа мерзімді) және айналымнан тыс (ұзақ мерзімді) ретінде жіктеп ұсынады. Актив келесі жағдайларда айналымдағы болып саналады:

- ол әдеттегі операциялық цикл аясында іске асыруға немесе сатуға немесе тұтынуға арналуы мүмкін деп болжанады;
- ол негізінен сауда мақсатында ұсталады;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде іске асырылуы мүмкін деп болжанады; немесе
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде он екі ай ішінде қолданылатын міндеттемелерді өтеу үшін айырбастауға немесе пайдалануға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ақшалай қаражатты немесе ақшалай қаражаттың баламасын білдіреді.

Барлық басқа активтер айналымнан тыс активтер ретінде жіктеледі.

Міндеттеме келесі жағдайларда қысқа мерзімді болып саналады:

- ол әдеттегі операциялық цикл аясында реттеледі деп болжанады;
- ол негізінен сауда мақсатында ұсталады;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде реттелуге тиіс; немесе
- ұйымның есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде он екі ай бойы міндеттемені реттеуді кейінге қалдыруға сөзсіз құқығы болмаса.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(жалғасы)

Компания барлық өзге міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

2.3.1. Теңгеге қайта есептеу әдістемесі

Шетел валютасында көрсетілген ақшалай қаражаттар мен міндеттемелер қаржылық есептілік жасалған күнге сәйкес айырбастау бағамы бойынша теңгеде қайта есептеледі. Шетел валютасындағы операциялар операция жасалған күнгі бағам бойынша есепке алынады. Мұндай қайта есептеуден туындайтын табыс пен шығын жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

Айырбастау бағамы

Төменде Компания қаржылық есептілікті дайындау барысында пайдаланған жылдың соңындағы айырбастау бағамдары көрсетілген:

	31 желтоқсан 2024 ж.	2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.	2023 ж.
АҚШ доллары	525,11	469,44	454,56	456,31
Еуро	546,74	507,86	502,24	493,33
Ресей рублі	4,88	5,08	5,06	5,40

2.3.2. Негізгі құралдар

Негізгі құрал объектілеріне жинақталған амортизация мен құнсыздану шығындарын шегергендегі бастапқы құн моделі қолданылады. Бастапқы құнға негізгі құрал объектілерін сатып алуға тікелей байланысты барлық шығындар енгізіледі.

Негізгі құралдардың амортизациясы жиынтық кіріс туралы есепте өзіндік құн және әкімшілік шығыстар баптарында көрсетіледі, бұл амортизацияланатын соманы активтің пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде есептен шығару мақсатында жүзеге асырылады және тура сызықты есептен шығару әдісімен есептеледі. Егер негізгі құрал бірлігінің құрамдас бөліктерінің пайдалы қызмет ету мерзімдері әртүрлі болса, олар бөлек негізгі құрал бірліктері ретінде есепке алынады.

Амортизацияланатын шама – бұл негізгі құрал бірлігінің нақты өзіндік құны немесе қайта бағаланған құны, оның қалдық құнын шегергендегі айырмасы. Қалдық құн – бұл Компанияның негізгі құрал бірлігін оның пайдалы қызмет ету мерзімінің соңында күтілетін жағдайына немесе жасына жеткеннен кейін, шығару бойынша бағаланған шығындарды шегеріп, алуы мүмкін деп есептелетін сома. Қалдық құн мен пайдалы қызмет ету мерзімі әрбір қаржылық жыл соңында қайта қаралады. Алдыңғы бағалаулардағы кез келген өзгерістердің нәтижелері бухгалтерлік бағалаудың өзгерісі ретінде есепке алынады.

Амортизация активтердің пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде тура сызықты әдіс бойынша есептеледі. Компанияның негізгі құралдарының болжамды орташа пайдалы қызмет ету мерзімдері:

Негізгі құралдар	Пайдалы қызмет ету мерзімі
Ғимараттар мен құрылыстар	10-25 жыл
Машиналар мен жабдықтар	3-20 жыл
Басқа негізгі құралдар	2-10 жыл

Компания белгіленбеген қосалқы бөлшектерді негізгі құралдардың құрамына жіктейді, себебі олар негізгі құралдарды тану критерийлеріне сәйкес келеді. Бұл қосалқы бөлшектер болашақта орнатылып, негізгі құралдардың теңгерімдік құнына енгізіледі. Мұндай қосалқы бөлшектерге амортизация есептелмейді.

Оларды пайдалану және пайдалану мүмкін болмағандықтан, бұл активтер консервацияға қойылған.

Негізгі құралдар нысанын есептен шығару кезінде пайда болатын кірістер немесе шығыстар, егер ондайлар болса, шығудан түскен таза түсім мен нысанның баланстық құны арасындағы айырма ретінде анықталады және жиынтық кіріс туралы есепке енгізіледі.

а) Құнсыздану

Компания әрбір есепті кезеңнің соңында активтердің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын сыртқы және ішкі ақпарат көздерін қарау арқылы бағалайды.

Мұндай белгілер болған жағдайда активтің құнсыздануынан келетін ықтимал шығынды анықтау мақсатында оның орнын толтыру құнына формалды баға беру жүргізіледі.

Қандай да бір мүмкін болатын активтердің құнсыздану белгілері болмаған жағдайда, өтелетін құнды ресми бағалау жүргізілмейді. 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін негізгі құралдардың құнсыздану белгілері анықталмаған.

б) Қорлар

Қорлар екі көрсеткіштің ең төменгісі бойынша бағаланады: бастапқы сатып алу құны мен таза ықтимал сату бағасы.

Қорлар бағасының құны кезең басындағы және кезең ішінде алынған тиісті өлшем бірліктері мен олардың құнына негізделген орташа салмақты құн әдісімен анықталады.

в) Қаржы құралдары – бастапқы тану және кейінгі бағалау

Қаржы құралдары — бұл бір ұйымда қаржылық активтің, ал басқа ұйымда қаржылық міндеттеменің немесе үлестік құралдың пайда болуына әкелетін кез келген келісімшарт.

і) Қаржылық активтер

Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық активтер бастапқыда танылған кезде олар келесідей жіктеледі: амортизацияланған құн бойынша бағаланатын; әділ құн бойынша басқа жиынтық кіріс арқылы бағаланатын; әділ құн бойынша кіріс немесе шығын арқылы бағаланатын.

Сауда дебиторлық берешек бастапқыда оның пайда болу сәтінде танылады. Барлық басқа қаржылық активтер мен міндеттемелер бастапқыда Компания осы құралдармен байланысты шарттық қатынастарға кіргенде танылады.

Қаржылық активтер (егер бұл қаржыландырудың маңызды құрамдас бөлігі жоқ сауда дебиторлық берешек болмаса онда) бастапқыда әділ құн бойынша бағаланады, ал қаржылық активтер әділ құн бойынша кіріс немесе шығын арқылы бағаланбайтын болса, қаржылық активті сатып алу бойынша мәміле шығындарына ұлғайтылады. Қаржыландырудың маңызды құрамдас бөлігі жоқ сауда дебиторлық берешек бастапқыда ХҚЕС (IFRS) 15 бойынша анықталған мәміле бағасымен бағаланады.

Қаржылық активті амортизацияланған құн бойынша немесе әділ құн бойынша өзге жиынтық кіріс арқылы жіктеу және бағалау үшін, бұл активтің шарттық талаптары ақшалай қаражат ағындарын — яғни негізгі қарыз сомасының және өтелмеген негізгі қарыз сомасына есептелетін пайыздардың төлемдерін ғана көздеуі қажет («SPPI өлшемшарты»).

Компанияның қаржылық активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-моделі Компанияның қаржылық активтерін ақша ағындарын генерациялау мақсатында қалай басқаратынын сипаттайды. Бизнес-модель шартта көзделген ақшалай қаражат ағындарын алу, қаржылық активтерді сату немесе осы екі әрекеттің нәтижесінде ақшалай қаражат ағындары алынатын-алынбайтынын айқындайды..

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(жалғасы)

Кейінгі бағалау

Кейінгі бағалау мақсатында қаржылық активтер төрт категорияға жіктеледі:

- амортизацияланған құн бойынша бағаланатын (борыштық құралдар) қаржылық активтер;
- жинақталған табыс пен шығынды кейіннен қайта жіктей отырып, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- тануды тоқтату кезінде жинақталған табыс пен шығынды кейіннен қайта жіктемей, басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері (үлестік құралдар);
- әділ құн бойынша кіріс немесе шығын арқылы бағаланатын қаржылық активтер.

Компанияның қаржылық активтері негізінен дебиторлық берешекте және ақшалай қаражатта, олардың баламаларында ұсынылған.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борыштық құралдар)

Егер келесі екі шарт орындалса, Компания қаржылық активтерді амортизацияланған құн бойынша бағалайды:

- Қаржылық актив бизнес-моделінің шеңберінде сақталады, оның мақсаты – қаржылық активтерді шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін сақтау; және;
- Қаржылық активтің шарттық талаптары көрсетілген күндерде тек негізгі қарыз сомасы мен төленбеген негізгі қарыз сомасына пайыздар төлемдері түріндегі ақша ағындарын алуды қарастырады.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Табыс немесе шығындар активтің танылуын тоқтату, оның модификациясы немесе құнсыздануы жағдайында кіріс немесе шығын құрамында танылатын болады.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер категориясына Компания саудалық дебиторлық берешекті және банктегі ақшаларды жатқызады.

Тануды тоқтату

Келесі жағдайларда қаржылық актив танылуын тоқтатады:

- Активтен ақша ағындарын алу құқықтарының әрекет ету мерзімі аяқталса; немесе
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын берді немесе "транзиттік" келісім бойынша алынған ақша ағындарын толық көлемде және Елеулі кідіріссіз үшінші тарапқа төлеу бойынша міндеттеме алды; немесе (а) Компания активке байланысты барлық дерлік тәуекелдер мен табысты басқа тарапқа берсе, (б) Компания бұл тәуекелдер мен табысты толық бермесе, бірақ оларды өзінде де сақтап қалмаған және сонымен бірге аталған активке қатысты бақылауды басқа тарапқа берсе .

Егер Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын берсе немесе транзиттік Келісім жасаса, ол меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қалғанын және егер солай болса, қандай көлемде екенін бағалайды. Егер Компания активтен іс жүзінде барлық тәуекелдер мен табысты бермесе, бірақ сақтамаса, сондай-ақ осы активтерді бақылауға опасыздық жасамаса, Компания берілген активті оған қатысуын жалғастыратын дәрежеде тануды жалғастырады. Осы жағдайда Компания сәйкес міндеттемені де мойындайды. Берілген актив және сәйкес міндеттеме Компания сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік нысанын қабылдайтын жалғасатын қатысу мынадай шамалардың ең азы бойынша бағаланады: активтің бастапқы теңгерімдік құны немесе өтеудің ең жоғары сомасы, оны төлеу компаниядан талап етілуі мүмкін.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(жалғасы)**Қаржылық активтердің құнсыздануы**

Компания амортизацияланған құн бойынша бағаланатын барлық қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындар үшін бағалау резервін таниды. Күтілетін кредиттік шығындар шартқа сәйкес тиесілі ақша ағындары мен Компания бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені (бұдан әрі - "ТПМ") немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконтталған, алуды күтетін барлық ақша ағындары арасындағы айырма негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарына ұсталған кепілдікті сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын несие сапасын арттырудың басқа тетіктерінен түсетін ақша ағындары жатады.

Күтілетін несиелік шығындар екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары жағдайында келесі 12 ай ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін кредиттік шығындарға қатысты бағалау резерві құрылады (12 айлық күтілетін кредиттік шығындар). Бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғайған қаржы құралдары үшін дефолттың басталу мерзімдеріне (бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар) қарамастан, осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімі ішінде күтілетін кредиттік шығындарға қатысты бағалау резерві құрылады.

Саудалық дебиторлық берешекке қатысты Компания жеңілдетілген тәсілді қолданады. Демек, Компания несиелік тәуекелдің өзгеруін қадағаламайды және оның орнына әрбір есепті күнге болжамды резервті бүкіл мерзім ішінде күтілетін несиелік шығындарға тең сомада шығындармен таниды. Компания қарыз алушыларға тән болжамды факторларды және жалпы экономикалық жағдайларды ескере отырып түзетілген несиелік шығындардың бұрынғы тәжірибесіне сүйене отырып, бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

i) Қаржылық міндеттемелер***Бастапқы тану және бағалау***

Қаржылық міндеттемелер бастапқы тану кезінде сәйкесінше табыс немесе шығын, несиелер мен қарыздар, кредиторлық берешек немесе туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі, олар Компанияның қалауы бойынша тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттемелер бастапқыда мәміле бойынша оларға тікелей қатысты шығындарды шегергенде (несиелер, қарыздар және кредиторлық берешек жағдайында) әділ құны бойынша танылады.

Компанияның қаржылық міндеттемелері қарыздар, сауда және басқа да кредиторлық берешектерді қамтиды.

Кейінгі бағалау

Кейінгі бағалау мақсатында қаржылық міндеттемелер келесі екі категорияға бөлінеді:

- табыс немесе шығындар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер;
- амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер (несиелер мен қарыздар).

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер

Бұл қаржылық міндеттемелер бастапқы танудан кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме өдісін қолдана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша табыс пен шығындар олардың тануын тоқтатқан кезде және тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы амортизация есептелген сайын табыс немесе шығын ретінде танылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(жалғасы)

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде жеңілдіктер немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемеге кіретін комиссиялар немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің амортизациясы қаржыландыру шығындарына кіреді.

Тану тоқтатылуы

Құралдың шарттары елеулі түрде өзгертілген жағдайда тануды тоқтату:

Компания қолданыстағы қаржылық міндеттеме сол несие берушімен басқасына ауыстырылған кезде, бірақ шарттары айтарлықтай өзгеше болған кезде немесе бар міндеттеменің шарттары айтарлықтай өзгертілген кезде қаржылық міндеттемені тануды тоқтатады. Қаржылық міндеттемелерге бастапқы ТПМ бойынша дисконтталған алынған комиссиялық сыйақыны шегергендегі комиссиялық сыйақыны төлеуді қоса алғанда, жаңа шарттарға сәйкес ақша ағындарының келтірілген құны бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған ақша ағындарының дисконтталған құнынан кемінде 10%-ға өзгеше болса, шарттар айтарлықтай өзгеше болып есептеледі.

Егер модификация ақшалай қаражат ағындарының елеулі өзгеруіне әкелмесе, онда бұл модификация тануды тоқтатуға негіз болмайды. Бастапқы ТПМ бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде Компания модификациядан түскен табысты немесе шығынды (құнсызданудан болған шығын танылғанға дейінгі қаржылық активтер үшін) таниды.

Маңызды модификациямен байланысты емес тануды тоқтату

Егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса немесе оның қолданылу мерзімі аяқталса, қаржылық міндеттемені тану тоқтатылады. Бастапқы қаржылық міндеттеменің баланстық құны мен төленген өтемақы сомасы арасындағы айырма табыс немесе шығын құрамында танылады.

2.3.1.1. Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуға, ал нетто-сома – осы сәтте қамтамасыз етілген танылған сомаларды өзара есепке алуға заңды қорғау құқығы болған кезде және нетто-негізде есеп айырысуды жүргізу, активтерді сату және онымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеу ниеті болған кезде қаржылық жағдай туралы есепте кіріс етілуге тиіс.

г) Ақшалай қаражат және олардың баламалары

Ақшалай қаражат және олардың баламаларына банктік шоттардағы және кассадағы ақшалай қаражат жатады.

д) Бағалау міндеттемелері

Бағалау міндеттемелері Компанияның өткен оқиға нәтижесінде туындаған нақты (заңды немесе тәжірибеге негізделген) міндеттемесі болған жағдайда, бұл міндеттемені өтеу үшін экономикалық пайдалардың кетісі ықтимал болса және оның сомасын сенімді бағалауға мүмкіндік болған жағдайда танылады. Егер ақшаның уақытша құнының әсері айтарлықтай болса, бағалау міндеттемелері салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады, бұл қажет болған жағдайда белгілі бір міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсетеді. Егер дисконттау қолданылса, уақыт өте келе бағалау міндеттемелерінің ұлғаюы қаржылық шығыстар ретінде танылуы тиіс.

Басқа бағалау міндеттемелері

Басқа бағалау міндеттемелері компанияда өткен оқиғалар нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемелер (құқық нормаларымен айқындалатын немесе көзделетін) болған кезде қаржылық есептілікте көрсетіледі, оларды өтеу үшін экономикалық табысты қамтитын ресурстардың шығуы талап етілуі мүмкін; сонымен қатар, мұндай міндеттемелердің мөлшері жеткілікті дәлдік дәрежесімен бағалануы мүмкін.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(жалғасы)**е) Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім**

Компанияның негізгі қызметі халықаралық автомобильдік тасымалдарды қадағалау ақпараттық жүйесінің ұлттық операторы функциясын орындаумен байланысты. Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім, тауарлар немесе қызметтер сатып алушыға берілген кезде танылады және бұл сомма Компанияның осындай тауарлар немесе қызметтерге айырбастап алатын өтемақы құқығын көрсетеді. Компания өз қызметтерін көрсету кезінде принципал ретінде әрекет етеді. Түсім сомасы орындау міндетінің орындалу дәрежесін бағалау үшін неғұрлым ықтимал шама әдісін пайдалана отырып кезең ішінде танылады.

Шарт бойынша қалдықтар (Сауда дебиторлық берешек)

Дебиторлық берешек — бұл Компанияның өтемақы алу құқығы, ол сөзсіз болып табылады (яғни, өтемақы төлеу сәтінің келуі тек уақыттың өтуімен байланысты).

Шарт бойынша міндеттеме

Шарт бойынша міндеттеме — бұл Компанияның сатып алушыға тауарлар немесе қызметтерді беру міндеті, оған Компания сатып алушыдан өтемақы алады (немесе алған). Егер сатып алушы Компания тауарды немесе көрсетілетін қызметті бергенге дейін өтемақы төлесе, онда төлем жүзеге асырылған сәтте немесе төлем төленуге тиіс болған сәтте (қайсысы бұрын орын алса), шарт бойынша міндеттеме танылады. Шарт бойынша міндеттемелер, Компания өз міндеттемелерін орындаған кезде, түсім ретінде танылатын болады.

ж) Кіріс салығы және кейінге қалдырылған салықтар

Кіріс салығы салық салынбайтын немесе салық салу мақсатында шегерімге жатқызуға жатпайтын баптар бойынша түзетулерден кейін бір жылдағы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне негізделген.

Кейінге қалдырылған салықтар қаржылық есептіліктегі активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен салық салынатын табысты анықтау үшін пайдаланылатын активтер мен міндеттемелердің тиісті салық базасы арасындағы уақытша айырмашылықтарға қатысты міндеттемелер әдісі бойынша есепке алынады.

Келесі уақыт айырмашылықтары ескерілмейді: бас компанияда уақыт айырмашылығының қайтарылу уақытын бақылауға қабілетті болса және жақын болашақта уақытша айырмашылықтың жойылмау мүмкіндігі болған жағдайда, бухгалтерлік есепке де, салық салынатын кіріске де, еншілес ұйымдарға инвестицияларға да әсер етпейтін активтерді немесе міндеттемелерді бастапқы тану.

Кейінге қалдырылған салық сомасын есептеу есепті күні қолданыста болатын немесе негізінен қолданыста болатын салық ставкаларын пайдалана отырып, активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын іске асырудың немесе реттеудің болжамды тәсіліне негізделеді. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері әдетте барлық салық салынатын уақытша айырмашылықтар үшін танылады. Кейінге қалдырылған кіріс салығының активтері, салықтық кіріс алынуы ықтимал болған жағдайда ғана танылуы мүмкін, оған қарсы уақытша айырмашылықты шегеруге болады. Кейінге қалдырылған салық активтері салық активін сату мүмкін болмайтын дәрежеде азаяды.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған кіріс салығы бойынша міндеттемелер бойынша өзара есеп айырысу олар бір салық органы алатын кіріс салығына қатысты болған жағдайда жүргізіледі және Компания өзінің салық активтерін өтеуді және салық міндеттемелерін нетто-негізде өтеуді жоспарлайды.

Кейінге қалдырылған салық қолданылатын салықтық мөлшерлемелер бойынша есептеледі, олар активтердің шығуы немесе міндеттемелердің өтелуі кезеңінде қолданылады. Кейінге қалдырылған салық жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі, бірақ егер ол тікелей капиталға жататын баптармен байланысты болса, онда ол капитал құрамында көрсетіледі.

Бір жылдық кіріс салығы ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтарды қамтиды. Кіріс салығы тікелей капиталда танылатын баптарға қатысты жағдайларды қоспағанда, жиынтық кіріс туралы есепте танылады. Мұндай жағдайларда ол капиталда танылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(жалғасы)

Ағымдағы салық есепті күні қолданыстағы немесе негізінен қолданылатын салық мөлшерлемелерін және өткен жылдарға қатысты кез келген салық түзетулерін пайдалана отырып, бір жыл ішінде салық салынатын кірістен төленетін күтілетін салықты білдіреді.

3. Бағалау мәндері мен жорамалдар

Қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау Компанияның басшылығынан есептегі активтер мен міндеттемелердің сомаларына, есепті кезеңдегі кіріс пен шығыстарға, сондай-ақ есепті күнге шартты активтер мен міндеттемелерді ашуға әсер ететін бағалаулар мен жорамалдарды жасауды талап етеді. Нақты нәтижелер бағалау деректерінен өзгеше болуы мүмкін.

Қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға неғұрлым елеулі әсер ететін кәсіби пайымдаулар және нәтижесінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына елеулі түзетулер болуы мүмкін бағалаулар мыналарды қамтиды:

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімі

Негізгі құралдар пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде амортизацияланады. Пайдалы қызмет мерзімдері активтер табыс әкелетін кезеңге қатысты басшылықтың бағалауы негізінде айқындалады, осы мерзімдер активтердің одан әрі жарамдылығын айқындау үшін жыл сайын қайта қаралады. Белгілі бір активтердің пайдалы қызмет ету мерзімінің ұзақтығына байланысты пайдаланылған бағалаулардағы өзгерістер баланстық құнның айтарлықтай ауытқуларына әкелуі мүмкін.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Компания өздерінің негізгі құралдарын ішкі және сыртқы құнсыздану белгілері бойынша бақылап отырады. Басшылық Компанияның бизнесіне қатысты құнсыздану белгілерінің пайда болуын тексерді. Тиісті бағалаудан кейін басшылық 2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған кезеңде және одан кейін осы активтерге қатысты құнсыздану белгілері пайда болмағаны туралы қорытындыға келді.

Салық салу

Салықтық тәуекелдерді бағалау кезінде басшылық Компания салық органдарының есептеулері бойынша апелляция бермейтіні немесе мұндай апелляциялардың нәтижесі сәтті болады деп есептемейтіні белгілі салықтық позициялар салаларына қатысты міндеттемелердің туындау ықтималдығын ескереді. Мұндай бағалау елеулі пайымдауларға негізделеді және салық заңнамасында өзгерістер болған жағдайда, әлеуетті талқылаулардың күтілетін нәтижесін және салық органдары жүргізетін ағымдағы салықтық тексерулердің нәтижесін бағалауға жатады.

Компания басшылығы оның салық міндеттемелері бойынша есептеулері көптеген факторларды, соның ішінде өткен тәжірибе мен салық заңнамасын түсіндіруді бағалау негізінде есепті кезеңге сәйкес келеді деп санайды. Мұндай бағалау есептеулер мен болжамдарға негізделген және болашақ кезеңдердегі оқиғаларға қатысты бірқатар күрделі пайымдаулармен бірге жүруі мүмкін.

4. Капиталды басқару

Компания капитал құрылымын басқарып, оны экономикалық жағдайлар мен шарттық талаптарға сәйкес өзгертіп отырады. Капитал құрылымын сақтау немесе өзгерту мақсатында Компания дивидендтер төлемін реттей алады, сондай-ақ капиталды ұлғайту немесе қатысушыларға қайтару ісін жүзеге асырады. Компания капиталды қаржылық рычаг коэффициенті арқылы бақылайды, бұл коэффициент таза қарызды капитал мен таза қарыздың жалпы сомасына қатынасы ретінде есептеледі. Таза қарызға несиелер мен қарыздар, саудалық кредиторлық берешек ақша қаражаттары мен олардың баламаларын шегергенде қосылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(жалғасы)

<i>Мың теңгеде</i>	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
Сауда кредиторлық берешек	23,641	76
Ақшалай қаражат пен олардың баламаларын шегергенде	(100,528)	(150,936)
Таза қарыз	(76,887)	(150,860)
Меншікті капитал	341,472	341,472
Меншікті капитал және таза қарыз	264,585	190,612
Қаржылық левередж коэффициенті	129%	179%

5. Қаржы құралдары, қаржы тәуекелдерін басқару мақсаттары мен саясаты

Компанияның қызметі Қазақстандағы бизнес жүргізуге тән экономикалық, саяси және әлеуметтік тәуекелдерге ұшырайды. Бұл тәуекелдер үкімет саясатының, экономикалық жағдайлардың, салық және құқықтық салалардағы өзгерістердің, валюталық бағамдардың ауытқуының, келісімшарттар бойынша құқықтардың орындалуына кепілдік болмауының салдарын қамтиды. Тәуекелдерді басқару – Компания қызметінің маңызды элементі.

Компанияның негізгі қаржы құралдарына қарыздар, ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары, дебиторлық және кредиторлық берешектер жатады. Қоса берілген қаржылық есептілік Компания қызметіне және қаржылық жағдайына Қазақстандағы экономикалық жағдайлардың әсерін басшылықтың бағалауын көрсетеді. Алдағы экономикалық жағдайлар басшылықтың бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

Компанияның қаржылық құралдарына байланысты негізгі тәуекелдердің қатарына валюталық және кредиттік тәуекелдер жатады. Компания басшылығы барлық қаржылық құралдарға қатысты нарықтық тәуекел мен өтімділік тәуекелін бақылап, осы тәуекелдерді басқару процесін қадағалайды. Компания әртүрлі тәуекел түрлерін анықтау, олардың алдын алу, жою немесе оларды өз қызметіне әсерін барынша азайту үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – бұл қаржы құралының әділ құны немесе болашақ ақша ағындары нарықтық бағалардың өзгеруіне байланысты ауытқуы мүмкін деген тәуекел. Нарықтық тәуекел үш түрге бөлінеді: пайыздық тәуекел, валюталық тәуекел және өзге де баға тәуекелдері, мысалы, тауар бағаларының өзгеру тәуекелі.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – бұл әділ құн немесе тәуекелге ұшыраумен байланысты болашақ ақша ағындары валюта бағамдарының өзгеруіне байланысты өзгеріп отыратын тәуекел. Компанияның валюталық бағамдардың өзгеру тәуекеліне ұшырауы, ең алдымен, шетел валютасындағы міндеттемелердің болуымен байланысты.

<i>Мың теңгеде</i>	31 желтоқсан 2024 ж.		
	АҚШ Долл.	Қазақстанды қ теңге	Барлығы
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	812	99,716	100,528
Сауда дебиторлық берешек	283	3,467	3,750
Сауда кредиторлық берешек	-	(23,641)	(23,641)
Салық бойынша міндеттемелер	-	-	-
	1,095	79,542	80,637

Мың теңгеде	31 желтоқсан 2023 ж.		
	АҚШ Долл.	Қазақстанды қ теңге	Барлығы
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	-	150,936	150,936
Сауда дебиторлық берешек	4,337	63,594	67,931
Сауда кредиторлық берешек	-	(76)	(76)
Салық бойынша міндеттемелер	-	(39,431)	(39,431)
	4,337	175,023	179,360

Шетел валюталары бағамдарының өзгерістеріне сезімталдық

Келесі кестелерде барлық басқа параметрлер өзгермеген жағдайда АҚШ долларының айырбас бағамындағы мүмкін болатын өзгерістерге сезімталдықты талдау келтірілген.

Мың теңгеде	АҚШ долларының айырбастау бағамының өзгерісі	Салық салынғанға дейінгі табысқа әсері
2024 ж.	+15%	164
	-5%	(55)
2023 ж.	+15%	651
	-5%	(217)

Шетел валюталары бағамдарының өзгеруіне сезімталдықты талдау шеңберінде айырбас бағамдарының өзгеруі туралы болжамдар қазіргі уақытта байқалатын нарықтық жағдайға негізделеді.

Компания шетел валюталары бағамының өзгеру тәуекеліне елеулі дәрежеде ұшырағанымен, басшылық алдағы түсімдерді талдай отырып, Компанияның валюталық міндеттемелерін өтеу қабілетіне сенімді.

Пайыздық тәуекел

Пайыздық тәуекел – бұл қаржылық құралдың әділ құны немесе болашақ ақша ағындары нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне байланысты өзгеруі мүмкін деген тәуекел. Компанияның өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар пайыздық міндеттемелері жоқ.

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – бұл Компанияның қаржылық шығындарға ұшырау қаупі, себебі қаржы құралы немесе клиенттік шарт бойынша контрагенттер өз міндеттемелерін орындамауы мүмкін. Компания өзінің операциялық қызметіне (ең алдымен сауда дебиторлық берешекке қатысты), сондай-ақ банк шоттарындағы ақшалай қаражатқа байланысты кредиттік тәуекелге ұшырайды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(жалғасы)

Қаржылық есептілік

Мың теңгеде	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
Банк шоттарындағы ақшалай қаражат	100,143	150,463
Сауда дебиторлық берешек	3,750	67,931
	103,893	218,394

Банк шоттарындағы ақшалай қаражат Fitch Ratings рейтингтік агенттігінің деректері бойынша «BBB-» рейтингі бар банкте орналастырылған.

Компания құрылған сәттен бастап сауда дебиторлық берешегіне байланысты кредиттік шығындарға ұшыраған жоқ, себебі сауда дебиторлық берешегі – өз міндеттемелерін уақытылы орындайтын және бас компания болып табылатын жалғыз контрагентке қатысты.

Сатып алушылармен байланысты кредиттік тәуекелді басқару Компания бекіткен саясатқа, рәсімдерге және бақылау жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады. Сатып алушының кредиттік сапасы ол туралы алынған деректер негізінде бағаланады. Осы бағалау нәтижесіне сүйене отырып, несиеге сату (қызмет көрсету) көлемі айқындалады. Сатып алушылардың өтелмеген дебиторлық берешегі мен шарт бойынша активтері тұрақты түрде мониторингтен өтеді.

Әрбір есепті күнге құнсыздандуды тану қажеттілігі күтілетін кредиттік шығындарды бағалау үшін бағалау резервтері матрицасын пайдалану арқылы талданады. Бағалау резервтерінің ставкалары төлемнің кешіктірілген күндерінің санына байланысты белгіленеді. Компания клиенттерді сегменттер және басқа да ұқсас сипаттамалар бойынша топтастырмайды. Есептеулер ықтималдықпен өлшенген нәтижелерді, ақшаның уақытша құнын, сондай-ақ есепті күнге қолжетімді өткен оқиғалар, ағымдағы жағдай және болашақ экономикалық ахуалдарға қатысты негізделген әрі расталатын ақпаратты ескереді. Әдетте, сауда дебиторлық берешек үш жылдан астам мерзімге кешіктірілсе және оған қатысты міндеттемені мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қолданылмаса, есептен шығарылады. Компанияның өзіне тиесілі берешекке кепіл ретінде берілген мүлкі жоқ.

Төменде Компанияның заңды тұлғалар бойынша сауда дебиторлық берешегіне қатысты күтілетін кредиттік шығындары туралы ақпарат келтірілген:

Мың теңгеде	31 желтоқсан 2024 ж.		
	Дефолт жағдайында ағы есептік жалпы теңгерімдік құн	Күтілетін шығындар ың пайызы, %	Күтілетін кредиттік шығындар
Мерзімі өтпеген	3,750	0.00	-
	3,750	0.00	-

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(жалғасы)

Қаржылық есептілік

<i>Мың теңгеде</i>	31 желтоқсан 2023 ж.		
	Дефолт жағдайынд ағы есептік жалпы теңгерімдік құн	Күтілетін шығындард ың пайызы, %	Күтілетін кредиттік шығындар
Мерзімі өтпеген	67,931	0.00	-
	67,931	0.00	-

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелдерін басқару жеткілікті көлемдегі ақшалай қаражаттың болуын, сондай-ақ қажетті көлемде бөлінген несиелік көздерден қаржы тарту мүмкіндігін қамтамасыз етуді қамтиды. Компания айналым капиталын қаржыландыруда теңгерімге негізделген модельді ұстанады, яғни қысқа мерзімді де, ұзақ мерзімді көздер есебінен қаржыландыру.

Төмендегі кесте компанияның қаржылық активтері мен міндеттемелерін есепті күннен бастап келісімшартқа сәйкес өтеу күніне дейінгі қалған мерзім негізінде өтеу мерзіміне байланысты көрсетеді. Кестеде көрсетілген сандар келісімшарттық дисконтталмаған ақша ағындарын білдіреді.

<i>Мың теңгеде</i>	31 желтоқсан 2024 ж.				
	3 айдан аз	3–12 ай	1 жыл – 5 жыл	5 жылдан көп	Барлығы
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	100,528	-	-	-	100,528
Сауда дебиторлық берешек	3,750	-	-	-	3,750
Сауда кредиторлық берешек	(23,641)	-	-	-	(23,641)
Салық бойынша міндеттемелер	-	-	-	-	-
	80,637	-	-	-	80,637

<i>Мың теңгеде</i>	31 желтоқсан 2023 ж.				
	3 айдан аз	3–12 ай	1 жыл – 5 жыл	5 жылдан көп	Барлығы
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	150,936	-	-	-	150,936
Сауда дебиторлық берешек	67,931	-	-	-	67,931
Сауда кредиторлық берешек	(76)	-	-	-	(76)
Салық бойынша міндеттемелер	(39,431)	-	-	-	(39,431)
	179,360	-	-	-	179,360

Әділ құн

Компания басшылығы қаржылық активтер мен міндеттемелердің әділ құны олардың теңгерімдік құнына жуық деп есептейді, ол мәжбүрлі сату немесе тарату жағдайынан тыс, өзара келісімге келуге дайын тараптар арасындағы ағымдағы мәміле нәтижесінде құралға айырбасталуы мүмкін сома болып табылады.

Әділ құнын анықтау үшін келесі әдістер мен жорамалдар қолданылды:

Қолма-қол ақшаның, сауда дебиторлық берешегінің, сауда кредиторлық берешегінің және салықтар бойынша міндеттемелердің әділ құны, негізінен, бұл құралдардың жақын арада өтелетіндігіне байланысты, олардың баланстық құнына шамалас болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТЕРГЕ ЕСКЕРТУЛЕР
(жалғасы)

Қаржылық есептілік

6. Негізгі құралдар

Негізгі құралдардың қозғалысы келесідей түрде ұсынылған

Мың теңгеде	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдықтар	Басқа	Барлығы
2022 жылғы 31 желтоқсандағы бастапқы құн	76,600	221,314	37,234	335,148
Түсімдер	-	33,501	16,667	50,168
Ішкі орын ауыстырулар	-	26,881	(26,881)	-
Шығулар	-	(19,031)	(977)	(20,008)
2023 жылғы 31 желтоқсандағы құн (қайта қаралған)	76,600	262,665	26,043	365,308
Түсімдер	17,000	47,119	15,488	79,607
Ішкі орын ауыстырулар	-	-	-	-
Шығулар	-	(13,971)	(2,168)	(16,139)
2024 жылғы 31 желтоқсандағы құн	93,600	295,813	39,363	428,776
2022 жылғы 31 желтоқсандағы жинақталған тозу	(35,106)	(69,350)	(14,730)	(119,186)
Есептелген тозу	(4,831)	(30,909)	(1,618)	(37,358)
Ішкі орын ауыстырулар	-	(8,696)	8,696	-
Есептен шығару	-	17,247	977	18,224
2023 жылғы 31 желтоқсандағы жинақталған тозу	(39,937)	(91,708)	(6,675)	(138,320)
Жинақталған тозу	(4,508)	(35,915)	(7,740)	(48,163)
Ішкі орын ауыстырулар	-	-	-	-
Есептен шығару	2,017	13,700	927	16,644
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жинақталған тозу	(42,428)	(113,923)	(13,488)	(169,839)
Теңгерімдік құн				
2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	36,663	170,957	19,368	226,988
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	51,172	181,890	25,875	258,937

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТЕРГЕ ЕСКЕРТУЛЕР
(жалғасы)

Қаржылық есептілік

7. Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтердің қозғалысы келесідей түрде ұсынылған:

Мың теңгеде	Бағдарламалық жасақтама		Басқа	Барлығы
2022 жылғы 31 желтоқсандағы бастапқы құны	42,208		3,699	45,907
Түсімдер	20,000		463	20,463
Қайта бағалау (активті қайта бағалау резерві)	-		-	-
Шығулар	-		-	-
2023 жылғы 31 желтоқсандағы құны	62,208		4,162	66,370
Түсімдер	5,605		-	5,605
Қайта бағалау (активті қайта бағалау резерві)	783,010		-	783,010
Шығулар	(22,241)		-	(22,241)
2024 жылғы 31 желтоқсандағы құны	828,582		4,162	823,744
2022 жылғы 31 желтоқсандағы жинақталған тозу	(39,711)		(2,345)	(42,056)
Амортизация және құнсыздану	(3,254)		542	(37,358)
Қайта бағалау (активті қайта бағалау резерві)	-		-	-
Есептен шығару	-		-	-
2023 жылғы 31 желтоқсандағы жинақталған тозу	(42,965)		(2,887)	(45,852)
Амортизация және құнсыздану	(27,930)		594	(28,524)
Қайта бағалау (активті қайта бағалау резерві)	(43,500)		-	(43,500)
Есептен шығару	22,242		-	22,242
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жинақталған тозу	(92,153)		(3,481)	(95,634)
Теңгерімдік құны				
2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	19,243		1,275	20,518
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	736,429		681	737,110

8. Қорлар

<i>Мың теңгеде</i>	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
Шикізат пен материалдар	16,437	20,000
Барлығы	16,437	20,000

9. Басқа қысқа мерзімді активтер

<i>Мың теңгеде</i>	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
Келешек кезеңнің шығыстары	75,607	1,737
Берілген аванстар	300	717
Басқа	37	75
Барлығы	75,944	2,529

10. Ақшалай қаражат

<i>Мың теңгеде</i>	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
Жинақ ақша шоттарындағы ақшалай қаражат	99,286	-
Ағымдағы банктік шоттардағы ақшалай қаражат	857	150,463
Кассадағы ақшалай қаражат	385	473
Барлығы	100,528	150,936

Fitch Ratings рейтингтік агенттігінің деректеріне сәйкес 2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның ақшалай қаражаты бар банктердің кредиттік рейтингтері «BBB-» деңгейінде болды.

11. Капитал**Жарғылық капитал**

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарғылық капиталы 341 472 мың теңгені құрайды және толық төленген

12. Сауда кредиторлық берешек

<i>Мың теңгеде</i>	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	23,641	76
Барлығы	23,641	76

Жоғарыда аталған қаржылық міндеттемелердің шарттары:

- Тауарлар мен қызметтерге арналған сауда кредиторлық берешек – пайызсыз, әдетте 90 күндік мерзім ішінде төленеді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(жалғасы)

Қаржылық есептілік

13. Қызметтерді көрсетуден түскен кіріс

<i>Мың теңгеде</i>	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
Операциялық қызметтен түскен кіріс	1,099,435	1,107,725
Мемлекеттік тапсырысты орындаудан түскен кіріс	69,891	59,057
Гранттық қаржыландырудан түскен кіріс	44,867	87,607
Барлығы	1,214,193	1,254,389

14. Қызметтердің өзіндік құны

<i>Мың теңгеде</i>	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
Еңбекақы	785,216	673,079
Еңбекақыдан аударымдар	77,141	67,640
Негізгі құралдардың амортизациясы	76,583	37,358
Байланыс қызметтері	48,966	46,921
Іссапар шығыстары	14,461	26,125
Заңды тұлғалармен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу	10,201	12,058
Ақпараттық қызметтер	9,932	1,703
Консультациялық қызметтер	7,553	5,609
Материалдық шығындар	1,656	9,880
Басқа өндірістік шығыстар	5,192	10,411
Барлығы	1,036,901	890,784

15. Жалпы және әкімшілік шығыстар

<i>Мың теңгеде</i>	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
Еңбекақы	140,284	151,812
Еңбекақыдан аударымдар	15,611	15,002
Іссапар шығыстары	6,822	3,055
Материалдарға шығыстар	4,498	3,764
Электр энергиясына және коммуналдық шығыстар	3,972	3,851
Аудит қызметтері	3,100	-
Байланыс қызметтері	1,254	4,557
Ақпараттық қызметтер	1,218	383
Негізгі құралдарды жөндеу және қызмет көрсету	784	2,355
Банк қызметтері	401	673
Сақтандыруға шығыстар	400	274
Қауіпсіздік қызметтері	189	179
Қызметкерлерді оқыту және даярлау шығыстары	180	57
Салықтар мен басқа бюджетке төлемдер	138	124
Басқа әкімшілік шығыстар	7,526	1,628
Барлығы	186,377	187,714

16. Басқа кіріс

<i>Мың теңгеде</i>	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
Өтеусіз активтерден түскен кіріс	15,221	727
Активтерді қайта бағалаудан түскен кіріс	12,384	-
Қаржыландыру бойынша басқа кіріс	220	528
Валюта айырбастаудан түскен кіріс	181	126
Екіжақты келісім бойынша өтемақы сомасы	127	78
Сот шешімі бойынша өтемақы сомасы	-	45
Барлығы	28,133	1,504

17. Қаржылық кіріс

<i>Мың теңгеде</i>	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
Депозиттер бойынша сыйақыдан түскен кіріс	26,478	12,187
Басқа қаржылық кіріс	-	99
Барлығы	26,478	12,286

18. Кіріс салығы бойынша шығыстар мен үнемдеу

31 желтоқсанмен аяқталған жылдардағы салық салу келесі түрде ұсынылуы мүмкін:

<i>Мың теңгеде</i>	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
Ағымдағы кіріс салығы	(3,972)	(1,843)
Кейінге қалдырылған салық	(143,923)	(650)
Барлығы	(147,895)	(2,493)

Компания арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде қызметін жүзеге асырады. Корпоративтік кіріс салығының сомасын айқындау кезінде АЭА қатысушысы ретінде басым қызмет түрлерін жүзеге асыру нәтижесінде алынған тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді өткізуден түскен кірістер бойынша есептелген кіріс салығының сомасын 100 пайызға азайтады.

2023 және 2024 жылдардағы жиынтық кіріс туралы есепте 3,972 мың теңге және 1,843 мың теңге мөлшерінде көрсетілген корпоративтік кіріс салығы бойынша шығыстар салық кезеңінде ұсталған сыйақы түріндегі кірістен төлем көзінен ұсталған корпоративтік кіріс салығын білдіреді.

Кейінге қалдырылған салықтар қаржылық есептілік мақсатындағы активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құны мен салық есебі мақсатындағы құны арасындағы уақытша айырмашылықтардың таза салықтық әсерін көрсетеді.

Келесі баптар бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер:

<i>Мың теңгеде</i>	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	(168,636)	(25,145)
Басқа бағаланатын міндеттемелер	727	1,159
Барлығы	(167,909)	(23,986)

Уақытша айырмашылықтардың қозғалысы келесідей болды:

<i>Мың теңгеде</i>	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
1 қаңтардағы жағдай бойынша	(23,986)	(23,336)
Кіріс пен шығыс есебінен кейінге қалдырылған салық	(143,923)	(650)
Барлығы	(167,909)	(23,986)

19. Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу

Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде Тараптардың бірі қаржылық және операциялық шешімдерді бақылай алатын немесе айтарлықтай әсер ете алатын болса, Тараптар байланысты тараптар ретінде қарастырылды.

Әрбір ықтимал байланысты тарапты қарастыру кезінде олардың тек заңды рәсімдеуіне ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынастардың мәніне көңіл бөлінеді.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жалғыз қатысушысы – Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан өкілдік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті. Компанияның соңғы бақылаушы тараптары Қазақстан Республикасының Үкіметі болғандықтан, мемлекеттік меншікке жататын барлық компаниялар байланысты тараптар қатарына жатады.

Төменде көрсетілген кестеде сәйкес есепті жылға байланысты тараптармен жасалған келісімдердің жалпы сомалары туралы ақпарат берілген:

<i>Мың теңгеде</i>	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
Қосылған тараптарға қызмет көрсету бойынша кіріс	183,758	146,664
Оның ішінде ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитетіне қызмет көрсету бойынша кіріс	69,891	59,057

Есепті кезеңдерде қызметтерді көрсету байланысты тараптармен жүзеге асырылмаған. Дивидендтерді есептеу және төлеу (дереккөздегі төленген салықты қоса алғанда) 2024 және 2023 жылдары сәйкесінше 49,671 мың теңге және 16,222 мың теңгені құрады.

Есепті күндерде байланысты тараптардың дебиторлық және кредиторлық берешегі жоқ.

2024 жылы Компания негізгі басқарушы персоналға төлемдер бойынша шығындарды 32,686 мың теңге көлемінде есептеді (2023 жыл: 27,663 мың теңге). Шығындар жалпы және әкімшілік шығыстар құрамында көрсетілді.

20. Шартты міндеттемелер

Сот процестері мен талаптар

Компания өз қызметін жүзеге асыру барысында түрлі сот процестері мен талаптардың объектісі болуы мүмкін. Компания нақты мән-жайларды ескере отырып, елеулі міндеттемелердің туындау ықтималдығы дәрежесін бағалайды және міндеттеменің туындауына алып келетін оқиғалар іс жүзінде орын алуы және тиісті міндеттеменің сомасы негізді түрде айқындалуы мүмкін болған жағдайда ғана өзінің қаржылық есептілігінде тиісті резервті көрсетеді.

Салық салу

Компания салық міндеттемелерін анықтауға қатысты белгісіздіктерге ұшырайды. Салық заңнамасын Компанияның операциялық қызметіне қолдану бойынша басшылықтың түсіндірулері салық органдарымен дау туғызуы немесе сәйкес келмеуі мүмкін. Бұл Компаниядан қосымша салық төлемдерін, соның ішінде айыппұлдар мен өсімпұлдарды өндіріп алуға әкелуі ықтимал, әрі мұндай жағдай Компанияның қаржылық жағдайына және операциялық қызметінің нәтижелеріне кері әсер етуі мүмкін.

Сақтандыру

Қазақстандағы сақтандыру жүйесі әлі де даму сатысында және басқа елдерде кеңінен таралған көптеген сақтандыру түрлері әлі күнге дейін кеңінен қолжетімді емес. Компанияда өз қызметін тоқтату немесе мүлікке не қоршаған ортаға келтірілген шығын үшін азаматтық жауапкершілікке қатысты жазатайым оқиғалар салдарынан мүлікке немесе операцияларға әсер ететін жағдайлар бойынша толық сақтандыру жоқ. Компания тиісті толық сақтандыруды алғанға дейін белгілі бір активтердің жоғалуы немесе жойылуы Компанияның қызметіне және қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін.

21. Есепті кезеңнен кейінгі оқиғалар

Есепті мерзімнен кейін Компанияның қаржылық есептілігіне әсер ететін елеулі оқиғалар болмаған.

Директор

О. К. Дойшибеков

Бас бухгалтер

Ж.К. Алимбекова

